

**Ақсу негізгі орта мектебі КММ 2024-2025 оқу жылы**  
**«Ұшқыр ой» дебат клубының атқарылған II жарты жылдық жұмысының жоспары**

2025 жылдың 18-қаңтар күні мектеп оқушылары арасында Жасөспірім. Құқықбұзушылық. Жауапкершілік атты пікірсайыс турнирі өтті.

Мақсаты:

Оқушыларды зиянды әдеттерден аулақ болуға үйрету және құқықтық мәдениеті мен құқықтық сауатылығын қалыптастыру.

Турнирге 7-9 сынып оқушылары қатысты. Дебат барысында оқушылар өз ойларын ортаға салып, жауапкершілік жөнінде пікірлерін қорғай білді. Қатысушыларды мектеп әкімшілігі алғыс хатпен марапаттады. Алдағы уақытта дебаттық турнир сайыстары жалғасын тауып ұйымдастырылуы жөнінде ұсыныс тасталды.

17-ақпан күні «Батырлықтың рухы мұра біздерге» тақырыбында пікірталас ұйымдастырылды.

Мақсаты:

Оқушылары арасынан шешендік шеберлігі бар, өзінің көзқарасын, өз командасының мүддесін сауатты және нақты қорғай алатын жас көшбасшыларды іздеу және оларға қолдау көрсету;

1-наурыз күні 7-9 класс оқушыларының сөзшендік, тапқырлық ой-өрістерін дамыту мақсатында "Болашақ жастардың қолында" атты мектепішілік дебат турнирі болып өтті. Пікірталас қызу, әрі тартысты өтті. Оқушылар әр жас ерекшеліктеріне сай өз біліктіліктері мен ұтқыр ойларын жеткізе білді. Ойын барысына төрешілік етуге 5-6 сынып оқушылары қатысты. Ойын барысында оқушылар өз деңгейлерін көрсете білді. Дебат турнирі нәтижесінде белсенділік танытқаны үшін Орынбасар Н. Ақылбеков М марапатталды.

«Ұшқыр ой алаңы» жобасы аясында 21-сәуір күні "Табиғат-Адам-Қоғам" атты тақырыбында 5-9 сынып оқушылары арасында мектепішілік дебат турнирі ұйымдастырылды.

Мақсаты: Білім алушылардың сөзшендік, тапқырлық ой-өрістерін дамыту. Ізденіске, сөйлеу және қарым-қатынас мәдениетіне үйрету.

Мектебімізде 2-мамыр күні «Тоғыз айға тоғыз іс-шара» аясында «Оқуға құштар мектеп» жобасына орай «Артық ғылым кітапта, ерінбе оқып көруге» тақырыбында жалпы білім беру ұйымдарының оқушылары арасында қалалық дебат турнирі өткізілді

Мақсаты: Оқушыға білім, тәрбие берудің және оны дамытуға бағытталған оқу танымдық, білім, іскерлік дағдыларды меңгерте отырып, әрбір оқушының ғылыми көзқарасын, адамгершілігін, белсенді шығармашылығын және жан-жақты кемелденген жоғары дәрежедегі үйлесімді дамыған тұлғасын дамыту. Қазақстанның болашағына үлесін қоса білетін білімді де, ізденімпаз ұрпақ етіп тәрбиелеу.

Турнирдің қорытындысы бойынша әділ- қазылар алқасының мүшелері жеңімпаздарды анықталып, жеңімпаздар I, II, III дәрежедегі дипломдармен марапатталды.

Мектеп директоры м.а. *А.Б.Исбуסיнова*  
Жетекші: *Д.Ә.Тайборин*

